



Келісілген
басшының ОТЖ
орынбасары:
Омарова С.Б.

« 21.09.24 »
« _____ »

күнтізбелік-тақырыптық жоспар
(Теңбіл доп үйірме)
2024-2025 оқу жылы

**«Ақмола облысы білім басқармасы Степногорск қаласы
бойынша білім бөлімі Ақсу кентінің № 2 жалпы білім
беретін мектебі» КММ**

«Футбол» ойынына арналған қосымша сабақ бағдарламасы

Бағдарламаны құрастырушы: Оспанов Б.А.
дене шынықтыру пәнінің мұғалімі

Түсінік хат

Футбол жұмысының бағдарламасы – жалпы білім беретін ұйымдағы дене шынықтыру сабақтарының мектептен тыс формасына арналған қосымша білім беру бағдарламасы. Футбол секциясына тартылған мектеп оқушылары жас ерекшеліктеріне қарай топтарға бөлінеді: дайындық (7-10 жас), бастауыш дайындық (11-12 жас), жасөспірімдер (13-14 жас), кіші жасөспірімдер (15-16 жас) және аға жастар (17-18 жас). Әр жас тобындағы оқушылар саны 15 – 20 адамнан.

Футбол - бұл спорттық ойын, оның мақсаты қолды қоспағанда, дененің барлық мүшелерімен әрекет ететін былғары допты қарсыластың қақпасына тікелей соғу. Матч барысында көбірек гол соққан команда жеңеді. Футбол ұзақ уақыт бойы әлемдегі ең танымал және жаппай спорт түрі болып табылады. Бұл ойынды ойнайтын ойыншы – футболшы.

Дұрыс қойылған тактика – жеңістің кілті. Тактика неғұрлым жақсы қойылса, ойыншылар арасындағы өзара түсіністік соғұрлым жақсы болады. Қазіргі футболда ең көп таралған тактика 4-4-2 (төрт қорғаушы, төрт жартылай қорғаушы және екі шабуылшы).

Футболмен қазіргі кезде 3 миллионға жуық адам айналысады. Бұл шындығында да халықтық ойын, онымен ересектер, жасөспірімдер және балалар да шұғылданады. Футбол – атлетикалық ойын. Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс – қабілетін көрсете білуге, мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жетуді талап етеді.

Оқушылардың кең көлемдегі денсаулығын нығайтып және дамытатын дене тәрбиесінің көпшілік қолданылатын құралдарының бірі. Ол адамның дене қасиеттерін, жылдамдықтың, ептіліктің, төзімділіктің, күштің дамуына ықпал жасайды. Адамның ерік – жігерін шыңдайды. Футбол ойынының мақсаты екі коллективтің арасындағы бәсекелестік, екеуінің де мақсаты бір ғана – жеңіс. Жеңіске деген ұмтылыс футболшыларды коллективтік әрекетке, өзара көмекке, достық және жолдастық сезімді тәрбиелейді.

Бағдарлама теориялық материалды зерделеуді, физикалық, техникалық және тактикалық дайындық бойынша практикалық дайындықты, төрешілік және нұсқаушы тәжірибесін, сондай-ақ жарыстарға қатысуды қарастырады.

Мақсаты:

- ✓ Футбол спорттық ойынын тереңдетіп оқыту;
- ✓ Футбол ойыны арқылы жан-жақты физикалық дамуға бағытталған және өмірге қажетті көптеген қозғалыс және моральдық-еріктік қасиеттерді жақсартуға ықпал ету;
- ✓ Футбол ойыны кезінде әрбір ойыншы өзінің жеке іс-қабілетін көрсете білуге мүмкіндік ала отырып, сонымен бірге жеке ұмтылысты жалпы командалық мақсатқа жету.

Міндеттері:

- ✓ Денсаулықты нығайту;
- ✓ Дұрыс дене дамуына ықпал ету;
- ✓ Қажетті теориялық білімді меңгеру;
- ✓ Ойынның негізгі әдістері мен тактикасын меңгеру;

- ✓ Дене тәрбиесінің жарақаттанудан сақтандырудың, тұлға мен дененің құрылымын түзетудің педагогикалық, психологиялық, физиологиялық және гигиеналық ережелері жөніндегі білім негіздерін үйрету.
- ✓ Ерік-жігерге, батылдыққа, табандылыққа, тәртіптілікке, ұжымшылдыққа, достық сезіміне тәрбиелеу;
- ✓ Оқушыларды ұйымдастырушылық дағдыларға үйрету;
- ✓ Мектеп оқушыларының футболдан (футзалдан) арнайы, физикалық, тактикалық дайындығын арттыру
- ✓ Оқушыларды футбол жарыстарына дайындау (футзал);

Жұмыс бағдарламасының мазмұны:

- Материал үш бөлімде берілген: негізгі білім; жалпы және арнайы дене шынықтыру; ойынның техникасы мен тактикасы.
- «Білім негіздері» бөлімінде футболдың тарихы (мини-футбол), жарыс ережелері туралы материалдар берілген.
- «Жалпы және арнайы дене шынықтыру» бөлімінде жалпы қозғалыс мәдениетін қалыптастыруға ықпал ететін, денені дене жаттығуларына дайындайтын, белгілі бір қозғалыс қасиеттерін дамытатын жаттығулар берілген.
- «Ойынның техникасы мен тактикасы» бөлімінде ойынның техникалық және тактикалық әдістерін меңгеруге ықпал ететін материалды ұсыну.
- Оқу бағдарламасының соңында оқушылар ойын ережелерін білуі және жарыстарға қатысуы керек.

Күтілетін нәтиже:

1. Салауатты өмір салтына лайықты қоғамдық өмірмен байланыста болып, көпшіл және білімді болып өседі.
2. Жекелей, ұжымдық, топтық мақсаттарды орындауда белсенділік танытады және өз мүмкіндіктерінше шешім қабылдауға үйренеді
3. Ойында жиі және тиімді қолданылатын әдістерді және шағын футбол ойнаудың жеке, топтық және командалық тактикасының негіздерін меңгереді;
4. Шағын футбол ережесіне сәйкес ойын процесін меңгереді;
5. Аудандық, қалалық, мектепшілік футбол жарыстарына қатысады;

Оқушыларға қойылатын талаптар:

Білу

- жалпы футбол ойынына машықтану барысында ойынның іс-әрекетін, әдіс-тәсілдерін жаттығу барысын біледі.

Түсіну

- футбол ойынының басқа спорттық ойын түрлерінен айырмашылығы мен маңыздылығын түсінеді.

Қолдану

- спорттық додалар мен жарыстарда жасап, үйреніп жүрген әрекеттерін пайдаланып қолданады.

Талдау

- оқушылар теориялық практикалық үйренген жаттығу барысын талдап, саралайды, жүйеге келтіреді.

Жинақтау

- жаттығулар кезінде машықтану дағдыларын жинақтап, топтап, біріктіре алады.

Бағалау

- оқушылар үйренген, үйреніп күнделікті дайындалып жүрген жаттығуларын анықтай алады.

Осы бағдарламаны оқып үйрену барысында оқушылар мынадай мәселелерді меңгереді.

Диагностика жүргізу

Мерзімі	Мақсаты мен міндеттері	Мазмұны	Түрі	Критериялары
Жыл басында	Даму жолдарын анықтау	1-ші жыл: Жас спортшылардың мүмкіндіктерін анықтау 2-ші жыл: Жылдың басында барлық оқушылардың дағдыларын анықтау	сынақ	1-ші жыл: Жалпы физикалық дайындығын анықтау 2-ші жыл: Оқушылардың икемділігін анықтау
Жыл бойы	Теориялық білімін тексеру	1-ші жыл: қауіпсіздік техникасы, футбол ойынының тарихы 2-ші жыл: Ойынның ережелері туралы түсінік	тест	1-ші жыл: 60% 2-ші жыл: 80%
Жыл бойы	Техникалық дағдыларын тексеру	1-ші жыл: аудандық және облыстық деңгейде жарыс 2-ші жыл: облыстық және Республикалық деңгейдегі жарыс	Жарыс	Қатысу Қатысу
Қазан Сәуір	Жалпы және арнайы дене дайындығын тексеру	Жүгіру, күшке арналған жаттығулар	Жарыс	
Қазан Сәуір	Медициналық тексеру		медициналық қадағалау	
Қыркүйек Қантар	Білімін тексеру	Ойын алаңдарында және спортзалда ойынды жүзеге асыру кезінде қауіпсіздік білімін тексеру	Сұрақ Тест	Ақпарат жақсы білу 70%

Бағдарламаны әдістемелік қамтамасыз ету материалдары: Презентациялар, фотолар, бейне материалдар, интернет желісі және т.б.

Бағдарламаны іске асыру үшін материалдық-техникалық жабдықталуы:

1. Жалпы спорт зал
2. Футбол доптары
3. Екі дана қақпа (торымен)

4. Кедергілер
5. Секіртпелер (Скакалка)
6. Спорттық формалар және т.б.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Цирик Б.Я. Футбол / Цирик Б.Я., Лукашин Ю.С. - М.: Физкультура и спорт, 1982
 2. Монаков Г.В. Техническая подготовка футболистов. М., 1994.
- Интернет желісі (You tube, google, amigo) және т.б.

Бекітемін

Басшы

Р.Крылатая

**«Ақмола облысы білім басқармасы Степногорск қаласы бойынша білім бөлімі
Ақсу кентінің №2 жалпы білім беретін мектебі» КММ
2024-2025 оқу жыл
Футбол үйірмесінің жоспары**

	Өтілетін сабақтың тақырыбы	Сағат саны	Өтілетін мерзімі
1	Қ.Р футболдың дамуы	1 сағ	02.09
2	Футболдың шығу тарихы	1 сағ	03.09
3	Футбол ойынына қойылатын гигиеналық талаптар	1 сағ	04.09
4	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	1 сағ	09.09
5	Техника қауіпсіздік ережелерін сақтау	1 сағ	10.09
6	Ойынның негізгі ережелері	1 сағ	11.09
7	Ойыншының тұрысы	1 сағ	16.09
8	Ойыншының тұрысы	1 сағ	17.09
9	Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау	1 сағ	18.09
10	Алаңда бір-біріне пас беріп ойнау	1 сағ	23.09
11	Алаңда кедергілер арасымен допты алып жүру	1 сағ	24.09
12	Ауыттан допты тастап үйрену	1 сағ	25.09
13	Ауыттан допты тастап үйрену	1 сағ	30.09
14	Айып добын тебуді үйрену	1 сағ	01.10
15	Айып добын тебуді үйрену	1 сағ	02.10
16	Доппен алдап өту тәсілдері	1 сағ	07.10
17	Допты тоқтату тәсілдері	1 сағ	08.10
18	Аяқ ұшымен тебу	1 сағ	09.10
19	Өкшемен тебу	1 сағ	14.10
20	Допты баспен ұру түрлері	1 сағ	15.10
21	Допты баспен ұру түрлері	1 сағ	16.10
22	Шекемен ұру	1 сағ	21.10
23	Секіріп шекемен ұру	1 сағ	22.10
24	Баспен ұру	1 сағ	23.10
25	Баспен ұру	1 сағ	28.10
26	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	1 сағ	29.10
27	Допты қақпаға дұрыс бағыттау	1 сағ	30.10
28	Допты тартып алу тәсілдері	1 сағ	04.11
29	Допты тоқтату тәсілдері	1 сағ	05.11
30	Допты тоқтату тәсілдері	1 сағ	06.11
31	Допты алып жүру тәсілдері	1 сағ	11.11
32	Қақпашының ойыны	1 сағ	12.11
33	Қақпашының ойыны	1 сағ	13.11
34	Допты қағып алу	1 сағ	18.11
35	Допты қағып алу	1 сағ	19.11
36	Допты ұрып жіберу	1 сағ	20.11
37	Допты ұрып жіберу	1 сағ	25.11
38	Допты бағаннан асырып жіберу	1 сағ	26.11
39	Допты бағаннан асырып жіберу	1 сағ	27.11
40	Қорғаушылардың міндеті	1 сағ	02.12
41	Қорғаушының жеке әрекеті	1 сағ	03.12
42	Шабулшының міндеті	1 сағ	04.12
43	Топ – топ болып шабуылға шығу	1 сағ	09.12

44	Командалық әрекет	1 сағ	10.12
45	Жеке әрекет	1 сағ	11.12
46	Айып добын дұрыс орындау	1 сағ	17.12
47	Қақпашының допты ойынға қосуы	1 сағ	18.12
48	Қақпашының допты ойынға қосуы	1 сағ	23.12
49	Жеке әрекет	1 сағ	24.12
50	Командалық әрекет	1 сағ	25.12

ДЦ мұғалімі



Оспанов Б.А.